

"Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамын құру және қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы N 703 Жарлығы
Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын сақтау және салт-дәстүрін дамыту
мақсатында **Қ А У Л Ы** **Е Т Е М І Н :**

1. "Қазақстан Республикасында Мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік қоры"
мемлекеттік мекемесі жойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақстан халқының
рухани даму қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) құрсын;

2) Қоғам қызметінің негізгі мәні:

Қазақстан халқы мәдени құндылықтары мен салт-дәстүрінің дамуына тұрақты
мониторинг жүргізуді және оны қолдауды жүзеге асыру;

қазақстандық мәдениеттің дамуы мен оның әлемдік мәдени кеңістікке кірігуін
тереңдету жөніндегі серпінді жобаларды іске асыру;

Қазақстан Республикасының әлемдік мәдени кеңістікке сәйкестенуін зерттеу және
негіздеу ;

мәдениет пен өнер саласындағы жобаларды талдау және оларды іске асырылуды
қамтамасыз ету ;

Қазақстан халқы ұлттық мәдениетін рухани байытуға және олардың халықаралық
мәдени алмасуларға қатысуына жәрдемдесу;

елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына бағытталған жыл сайынғы
байқау-конкурстар, фестивальдар, семинарлар, мұражай мен кітап көрмелерін
ұйымдастыруға, өткізуге көмек көрсету болып айқындалсын;

3) нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізісін;

4) Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*